

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы – ректор  
А. М. Наметов  
«06» 09 2022 ж.



**ИХТИОЛОГИЯ ЖӘНЕ АКВАКУЛЬТУРА  
ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ АҒА ҒЫЛЫМИ  
ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.37

№ 06 басылым  
№ \_\_\_ дана

Дайындалды: 01.09.2022	Келісілді: 05.09.2022 ж.	Енгізілді: 07.09.2022 ж.
Нургалиев Б.Е. <u>[Signature]</u>	Губашев Н.М. <u>[Signature]</u>	Орнына: 07.09.2019 ж.
Сариев Б.Т. <u>[Signature]</u>	Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u>	СМЖ.07.ЛН.37
	Таскалиев Е.К. <u>[Signature]</u>	08.09.2022 ж.
	Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Қайта қаралуы:

## Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Бағыты**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» заңдарына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Осы нұсқаулық ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкеріне (әрі қарай аға ғылыми қызметкері) арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

**3.1.** Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері міндетті:

3.1.1. Зерттеуге түскен сынамалар мен үлгілерді қабылдауға.

3.1.2. Зерттеу өткізетін сынамаларды, зертханалық құрал-жабдықтарды дайындауға.

3.1.3. Ғылыми құжаттамаларды, зертханалық құжаттарды жүргізуге, зерттеу қорытындыларын уақытылы хаттамалауға, белгіленген тәртіп бойынша есептесуге

3.1.4. Зерттеу өтуінің дұрыстығы мен толықтығын және нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етуге.

3.1.5. Жұмыс орындаушы ретінде ғылыми зерттеулер, жасақтаулар өткізеді, өзіндік тақырыпты орындау кезінде қызметкерлер тобына ғылыми басшылық жүргізеді. Зерттеулер мен жасақтауларды өткізу жоспарларын және әдістемелік бағдарламаларын жасақтауға.

3.1.6. Өлшем құралдары мен құрал-жабдықтарды дұрыс қолдану мен сақталуын қадағалауға, мерзімдік тексеріске уақытылы даярлауға.

3.1.7. Өз мамандығы саласындағы зерттеулердің озық әдістерін, ғылым мен техникадағы қазіргі жетістіктерді енгізуге.

3.1.8. Өзінің өкілеттігі шегінде СМЖ жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.

3.1.9. Қауіпсіздік ережелері, өрт қауіпсіздігі, санитарлық жағдай мен еңбек тәртібін сақтауға.

3.1.10. Жұмыс орындарының тазалығы мен тәртібін сақтауға.

**3.2.** Бағыныштылығы:

3.2.1 Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкерін зертхана меңгерушісі және институт директорының ұсынуларымен тағайындайды және лауазымынан босатылады.

3.2.2. Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері институт директорына, зертхана меңгерушісіне бағынады және өз жұмысында басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының стандарттау, сертификаттау және метрологиялар салаларында қолданылып жүрген ҚР Заңдарын;

- Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жүйелерінің сертификаттау нормативтік құжаттарын;

- Өз мамандығы саласындағы зертханалық зерттеулердің әдістерін, басшылық ететін нормативтік, әдістемелік материалдарын.

- осы лауазымдық нұсқаулығын.

3.2.3. Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді.

**3.3.** Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері білуі қажет:

3.3.1. Зертхана жабдықтарын және оларды пайдалану ережелерін.

3.3.2. Зерттелетін материалдардың үлгілеріне, шикізатқа қойылған талаптарды.

3.3.3. Техникалық құжаттарды хаттамалау және зертханалық зерттеулер саласындағы Заңды күші бар МСТ, техникалық жағдайларды, нұсқауларды және басқа да басшылыққа алынатын құжаттарды.

3.3.4. Өз мамандығы саласындағы зертханалық зерттеулердің әдістерін, басшылық ететін нормативтік, нұсқаулық және әдістемелік материалдарды.

3.3.5. Сапа саласындағы Саясатты, СМЖ құжаттарын.

3.3.6. ҚР еңбек заңдылығын, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін.

3.3.7. Өзінің лауазымдық нұсқаулығын.

3.3.8. Өткізілетін зерттеулер мен жасақтаулар тақырыбы бойынша ғылыми мәселелерді, сол мәселелер туралы отандық және шетелдік ақпаратты, зерттеулер мен жасақтауларды өткізетін және жоспарлайтын заманауи әдістемелер мен құралдарды.

**3.4.** Біліктілік талаптары:

3.4.1. ЖОО-н кейінгі білімі болуы және өз мамандығы саласында 10 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы;

3.4.2. Ғылыми еңбектері мен өнертабыстың авторлық куәлігінің болуы;

3.4.3. Ғылыми дәрежесі болған жағдайда-еңбек өтіліне талап қойылмайды.

## **4. Жауапкершілігі және өкілеттігі**

**4.1.** Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері жауапты:

4.1.1. Өткізілетін зерттеулердің сапасына және уақытылығын қадағалауға.

4.1.2. Еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерінің, өз мамандығы саласындағы нұсқаулықтардың нормалары мен талаптардың сақталуына.

4.1.3. Сынау жабдықтарды дұрыс қолдануына және сақталуына.

4.1.4. Өткізілетін зерттеулердің сапасы мен уақытылы жүргізілуіне.

4.1.5. Ақпараттардың құпиялылығын сақтауға.

4.1.6. Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығына.

4.1.7. Өлшем құралдарын мерзімдік тексеріске уақытылы даярлауға.

**4.2.** Ихтиология және аквакультура зертханасының аға ғылыми қызметкері құқылы:

4.2.1. Ихтиология және аквакультура зертханасының қызметкерлерін марапаттау және ескертулер жөніндегі ұсынысын енгізуге.

4.2.2. Әрбір еңбек еткен жылына ұзақтығы 30 күнтізбелік күн есебінде еңбек демалысын алуға;

4.2.3. Кәсіптік біліктілігінің деңгейін арттыруға.

4.2.4. Жұмысты ұйымдастыруды жақсарту, жаңа әдістемелер және жұмыс түрлерін дайындау жөнінде ұсынысын енгізуге.

## **5. Сілтемелер**

5.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;

5.2 ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319-III;

5.3 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410- V;

5.4 ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. № 407-IV;

5.5 ҚР СТ ИСО 9000-2007 Сапа менеджментінің жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік;

5.6 ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

5.7 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жарғысы;

5.8 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасы;

5.9 Университеттің ішкі тәртіп ережелері СМЖ.08.ҚЕ.06;

5.10 Университеттің ішкі нормативті құжаттары.

